

8-сынып Қазақ тілі БЖБ №1

«Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы. Орфография. Жалқы есім емлесі» бөлімі

Оқу мақсаты: 8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау.
8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру;

Бағалау критерийлері: Перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, сұрақтар құрастырады;
Мәтіннің баяндау желісін сақтап, жинақы мәтін (аннотация) жазады;
Бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Орындау уақыты: 15-20 минут

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыз. Перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, есім перифразаға 2 сұрақ, етістік перифразаға 2 сұрақ құрастырыңыз.

Орхон-Енисей жазбалары – Түркі халықтарының көне дәуірдегі ұзақ ғасырлық мәдениеті мен тарихы тұрғысынан баға жетпес құнды дүние. Ол VII-VIII ғасырларда жазылған. Енисей жазбаларының жалпы саны – 85 жол айналасында. Олардың ішінде кішігірім жазбалармен қатар ірі мәтіндер кездеседі.

Түркі жазбаларының ішіндегі ең маңыздысы – Орхон жазба мұралары. Орхон өзенінің бойынан табылған бұл ескерткіштердің ішінде тасқа қашалып жазылған 3 тарихи мұра ерекше аталады. Оның біріншісі – 732 жылы өлген хан інісі Күлтегінге, екіншісі – 735 жылы өлген Білге қағанға, ал үшіншісі – Тоныкөкке арналған ескерткіштер.

Орхон жазбаларында Түрік қағанаты дәуіріндегі елдің білім, дүниетанымы, түркі халықтарының тарихы мен тағдыры, қарым-қатынастары, жеңістері мен өкініштері, отаншылдық, ерлік, бірлік, намыс туралы түсінігі, наным-сенімі тәуелсіздік аңсары, осы жолдағы атқарған қызметтері жазылған. Жырларының негізіне түрік руларын біріктіру, нығайту, сыртқы жаулардан қорғау идеясы алынған.

Орхон жазуының мәдени мұраларының бірі – Күлтегін ескерткіші. Биіктігі – 3,5 метр, төменгі ені – 1,32 метр, жоғарғы жағының ені – 1,22 метр. Биіктеген сайын жіңішкере береді, жоғарғы бөлігі өрнектелген. Тастың төрт жағы бірдей жазылған. Батысқа қараған бетінде қытай жазуы, қалған қабырғасы бірдей көне түркі жазумен толған. Жырлары түркі ұлтының тарихымен Күлтегіннің батырлығын бейнелейді. Күлтегін ескерткіші – түркі халықтарының баға жетпес мәдени байлығы. Ескерткіш моделінің 2001 жылы 18 мамырда Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Мемлекеттік Университетінің бас ғимаратына орналастыруы қазақ халқының арғы аталары Көне түріктердің төл жазбаларының қаншалықты құнды мұра екендігін дәлелдей түседі.

(206 сөз) <http://bilim-all.kz/article/179-Orhon-Enisei-zhazbalary>

This image shows a single sheet of white paper with horizontal blue or grey ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
Перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, сұрақтар құрастырады.	1	Есім перифразаларға 2 сұрақ құрастырады.	1
		Етістік перифразаларға 2 сұрақ құрастырады.	1
Мәтіннің баяндау желісін сақтап, жинақы мәтін (аннотация) жазады.	2	Мәтіннің баяндау желісін сақтайды.	1
		Мәтінді бөліктерге бөледі.	1
		Жинақы мәтін жазады.	1
Бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазады.		Бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды табады.	1
		Орфографиялық нормаға сай жазады.	1
Барлығы			7

«Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті. Фонетика» бөлімі

Оқу мақсаты: 8.2.4.1 Тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін(әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау;

8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала құрастырып жазу.

Бағалау критерийі: Мәтіндердің тақырыбын, түрін, құрылымын салыстыра талдайды.

Мақала құрастырып жазады.

Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты: 15-20 минут

Мәтіндерді мұқият оқыңыз.

1-мәтін

Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім – тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық».

Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі кейінгі ұрпаққа қашан да болса өнеге болмақ. Халқымыздың ауыз әдебиеті шығармашылығы ұрпақ тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты және әлі де үлес қосып келеді. Сол бай құндылықтардың ішінде, отаншылдықты дәріптейтін мұра — батырлар жыры. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары.

Елін, жерін сырт жаулардан қорғаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты мыңдаған қазақ батырларына арналған көптеген дастандар, өз халқының мүддесі, арман-тілегі, туған жері үшін жан аямаған батырларға деген халықтың сүйіспеншілігі, азаматтарының рухани жан дүниесінің беріктігі, ерлігі мен отаншылдық қасиетін баяндайтын асыл қазыналары, ақын - жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке,

history.kz/kz/publications/view/ulttik_kundiliktar_negizinde_otanshildikka_tarbieleu 3271

Ұлы Абай: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі – ата - анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан» - деген екен. Сіз осы пікірмен келісесіз бе? Адамгершілік сезімнің қалыптасуына ата-ана, ауыл аймағының ықпалы зор болу керек. Сондықтан да бала тәрбиесінде шешуші факторы – отбасы. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады. Бала тәрбиесі баршаға ортақ іс. Оған көпшілік қоғам болып жұмылу, парасаттылық пен байсалдылық керек. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ата – бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – бұл қазіргі таңда өмір талабы және қоғам қажеттілігі.

1-тапсырма. Төмендегі кестені толтырыңыз.

Тапсырма	Мәтіннің тақырыбы	Түрі	Құрылымы	Ұқсастығы
№1 мәтін				
№2 мәтін				

2-тапсырма. «Адал дос болу үшін адамда қандай қасиеттер болу керек?» деген тақырыпта тілдік құралдарды (мақал-мәтелді, тұрақты тіркесті) қолдана отырып, мақала жазыңыз.

[illegible]

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтіндердің тақырыбын, түрін, құрылымын салыстыра талдайды	1	Тақырыбын ажыратады;	1
			1
		Түрін анықтайды;	1
			1
		Құрылымын салыстырады;	1
			1
		Ұқсастығын табады.	1
Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала құрастырып жазады	2	Мақала құрастырып жазады	1
		Тілдік құралдарды талапқа сай қолданады	1
Барлығы			9

ТЖБ 8-сынып «Қазақ тілі» Т1 пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы. Орфография. Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті. Фонетика

Тыңдалым мен айтылым

Тапсырма

- 1.Берілген дәйексөзге сүйеніп, мәтінде қозғалатын мәселеге болжам жасаңыз.
- 2.Жұбыңыздың дәйексөз бойынша жасаған болжамын тыңдап, түпнұсқамен салыстырыңыз. Қандай тұстардың сәйкес келгендігіне дәлелдермен кері байланыс беріңіз.

[10]

1-мәтін

Дәйексөз:

Ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау – бұл мәңгілік бес құндылық адамның ұлтына, нәсіліне, ортасына, дініне қарамайтын, уақытпен өзгермейтін құбылыс.

Құндылық — мәдениеттің құрамдас бөлігі. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Мәдениет құндылықтары, тиісінше, материалдық және рухани болып бөлінеді. Құндылықтардың мазмұны қоғамның мәдени жетістіктерімен шарттастырылған. Құндылықтар әлемі, сөздің кең мағынасында, мәдениет әлемі деген сөз. Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санасының дұрыстығын айғақтаушы, адамның рухани байлығының өлшеуіші іспетті.

Адамдардың немесе әлеуметтік топтардың қажеттіліктері, мүдделері және талғамдары әр түрлі болады. Сондықтан барлық құндылықтар салыстырмалы. Құндылық қатынас қанағаттанарлық немесе қанағаттанғысыз болып келуі мүмкін. Біреу үшін мынау, екінші үшін анау құнды. Олардың қайсысыныкі дұрыс, қайсысы қателесіп тұрғанын релятивистік тұрғыдан оны ажыратып жатуда мағына болмайды. Шынайы деп – адамға пайда әкелетін, оның санасына жоғары адамдық қасиеттерді сіңіретін, адамдардың бақыты мен игіліктілігін қамтамасыз ететін, адамның тұрғасын ажарландыратын, адаммен қоғамның ілгерілей дамуын қамтамасыз ететін құндылықтарды айтқан жөн.

Қорыта айтқанда ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау – бұл мәңгілік бес құндылық адамның ұлтына, нәсіліне, ортасына, дініне қарамайтын, уақытпен өзгермейтін құбылыс. Адамның руханияты мен мәдениетінің жиынтығы, яғни, ата, әжелеріміздің даналығы. Бүгінгі таңда рухани білім әлемге ауадай қажет болып тұр. Сондықтан әр адамның ақыл ойын жаңғыртып, санасын өзгерту керек, сонда әлем де жаңарып, өзгереді. (182 сөз.) <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

2-мәтін

Дәйексөз:

Бүгінгі таңда қазақ елі 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасын негізге ала отырып, өзінің алдына бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарынан көріну мақсатын қойып отыр.

Қай елдің болмасын дамуында ұлттық мәдениетті өркендетудің маңызы орасан зор. Қазақ елі де осы жолмен жүріп келеді. Мәдениеті дамымаған халықтың келешегі де жоқ. Тек ұлттық мәдениетін өркендеткенде ғана дамудың жолына түсетіні хақ. Мәдениеттің ауқымы өте кең. Оның аясында сан ғасырлық ата-баба дәстүріне сай қалыптасқан мәдениет жатады

Бүгінгі таңда қазақ елі 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасын негізге ала отырып, өзінің алдына бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарынан көріну мақсатын қойып отыр. Бұл орайда, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Жас кәсіби мамандар ел өмірінде болып жатқан үдерістерде өз орнын тауып, болашақты орнатуға белсенді қатысуы керек», — деп атап көрсеткен-ді. Яғни қазіргі қазақ қоғамының көпшілігі жастар. Кез-келген жағдайда жастар қауымы бұқаралық күш. Осындай жағдайда жастар тәрбиесі, мәдениеті алдыңғы орындағы мәселе болып саналады. Мәдени өсу, білім, тәрбие болмай қазіргі жастардың өзін кемелдендіруі, қоғамды алға бастыруы мүмкін емес. Қазақ ұлтын алға бастыру да, артта қалдыру да жастардың қолында. Сондықтан кез - келген адам әр ісі мен пікірінде адамгершілік, парасаттылық танытып, мәдениетті жолды таңдағаны жөн.

3-мәтін

Дәйексөз:

Әр нәрсенің өз құндылығын білгенмен, біз өз жан-дүниеміздің құндылықтарына назар аударма бермейміз.

Адам құндылықтары

Әдетте құндылық деген сөзді естігенде ойыңызға не келеді? Құнды заттар, құнды ақпарат, басқа адамның құнды қасиеттері. Әр нәрсенің өз құндылығын білгенмен, біз өз жан-дүниеміздің құндылықтарына назар аударма бермейміз. Ойланып көріңізші, сіздің қандай

құндылықтарыңыз бар? Сіз өзіңізді ақылды, тәрбиелі, парасатты, адамгершілігі мол және т.б. керемет қасиеттерге ие адаммын деп ойлауыңыз мүмкін. Бұның бәрі құнды қасиеттерге жатады. Сіз ата-анаңызды, туыстарыңызды, достарыңызды, туған жеріңізді, еліңізді, ұлтыңызды шексіз сүйеңіз мүмкін. Бұл да адамның ерекше жақсы көретін құндылықтары.

Сіздің үйіңіз, материалдық жағдайыңыз, айналысатын ісіңіз, әуесқойлығыңыз да құндылықтар қатарында. Аналар үшін баласы үлкен құндылық.

Мысалы, сіз бір адамның шығармашылығын сынадыңыз. Ол азар да безер болып, сізге ренжіді. Неге? Өйткені ол үшін оның шығармасы оның құндылығы. Ол оған жанын салды. Ал сіз үшін ол мүлдем құндылық болмауы мүмкін. Егер ол адам сізді кешіргісі келсе, ол сол құндылығын жақсарту үшін тағы жұмыс істеу керектігін түсінуі керек.

Адам бойында мыңдаған құндылық бар. Бірақ біреу менің құндылығымға тиісті деп ренжіп жүре беруге болмайды. Құндылығыңыздың кем-кетік тұстарын анықтаңыз, ол әлі де жөндеуді талап ететін шығар немесе құндылығыңыздың кішкене бағасын түсіріп, адамды кешіріңіз. Солай, достар... (173 сөз.)

<https://massaget.kz/blogs/4033/>

Оқылым

Тапсырма

Мәтінді мұқият оқып, берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

[10]

1-мәтін

«Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-нің магистрі Н.Тұрсынжанқызының
«Қазақ әдебиетін ұлттық құндылық ретінде таныту» мақаласына

АННОТАЦИЯ

Мақалада автор қазақ әдебиеті пәнінің адам бойындағы ұлттық құндылықтардың қалыптасуына тигізетін әсеріне жан - жақты талдау жасайды. Автор «құндылық» түсінігінің тарихына тоқталып, әдебиет жасөспірімдерге әдебиеттануға, сөз маржандарының қыр-сырын игеруге жөн сілтеу ғана беріп қоймай, ең бастысы, өмірдің ең қымбаттысы, асылы жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Әдебиет пәнінің адам бойындағы асқақ арман, әдемі сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы екеніне кеңінен тоқталады. Осы пән арқылы оқушылардың рухани дүниесі байып, туған тілін сүйуден адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері қалыптасатынын сөз қылады. Автордың мақсаты – қазақ әдебиеті пәнінде көркем туындыны оқыта отырып, тұнып тұрған ұлттық құндылықтарды оқушы бойына дарыту, оқушы пікірі мен ойына ерекше көңіл бөлу. Осы орайда бүгінгі таңда әдебиетті оқыта отырып, тәрбиенің өзіндік басты мақсаты да осында айқындалып, бағыты белгіленеді. (125 сөз). <https://bsh.kz/news/13>

2-мәтін

«Ұлттық мәдениеттен жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан,
халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын,
пайдалы азамат шықпайды.»

Мұстафа Шоқай.

Қазақ халқын ерекше, болмысы мен тарихы бөлек болып тұратын, басқа халықтардан ерек көрсетететін әрине, негізгі ұлттық құндылық санатына жатқыза алатын құнды мәдениетіміз, тіліміз, дініміз, діліміз, ұрпақтар сабақтастығы, ертегілер, мақал-мәтелдер, лиро-

эпостық және батырлар жырлары, әдет- ғұрпымыз, салт-санамыз, менталитетіміз, ұлттық өнеріміз, ұлттық тағамдарымыз, ұлттық қолөнеріміз, тұрмыстық бұйымдарымыз, ұлттық ойындарымыз т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттеріміздің бар болғандығы. Ұлттық сана, Ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы біздің рөліміз, біздің еңбегіміз қандай болмақ деген заңды сұрақ туындайды.

Осы тұста «Мәңгілік Елдің – Мәңгілік біліміне» айналатын ұлттық білім беру жүйесін дамытып жатқанымыз рас. Тек кәсіптік бағыт - бағдардағы емес, тұлға, патриот, рухани жан-дүниесі бай Қазақстанның азаматы болуына ықпалдастық жасайтынымыз рас. Ғаламдану үрдісінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрін сақтау жолындағы күрес, ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну, яғни, ұлттық сана-сезімімен мінез-құлқының ана тілінде, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрді меңгеруі негізінде қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу міндетін айтамыз.

Қорыта келгенде, рухани ұлттық құндылықтар мен тәрбиені бойына сіңіре отырып, келешегі кемеңгер, болашағы жарқын Ұлт, Мемлекет бола аламыз. Сөзімді Елбасының сөзімен аяқтағаным жөн болар: «Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!» (212 сөз). <http://internet-konkursy.com/statii/ulattyk-kundylyk-ulttyn-tiregi/>

1-мәтін	2-мәтін
Тақырыбы	
Жанры, жанрлық ерекшеліктері неде?	
Құрылымы қандай мәтін бөлімдерінен тұрады?	
Мәтіндер қалай ресімделген?	

Жазылым

Төменде берілген мәтінді оқып, оның мазмұны мен көтерілген басты мәселесін, мәтіннің толық нұсқасын оқуға мақсатты аудиторияның қызығушылығын тудыратындай ғылыми-ақпараттық стильде аннотация жазыңыз.

Аннотация жазуда келесі клишелерді қолданыңыз:

[10]

Көне Түркі жазуларының сыртқы түрі бізге тасқа қашалған түрде, «баспа әріптері» түрінде жетті. Оның жазбаша түрі қандай болғаны туралы мәлімет жоқ. Себебі маталарға, өңделген терілерге жазылуы мүмкін жазба әріптер бұл материалдардың төзімсіздігіне байланысты бізге жетпеді. Алғаш көрген адам бұл жазуларды бір қарағанда қазақ руларының таңбаларына ұқсатады. Яғни жазулар «жебе таңбалар», «ай таңбалар» және «тұмар таңбалар» мен «көз таңбалар», «аша таңбалар», «балық таңбалар» сосын «тарақ таңбалар» мен «сырға таңбалардан» құралады. Орхон - Енисей жазбасы – Орхон және Енисей өзен бойларында табылған көне түркі жазуымен жазылған жазбалар. (296 сөз). <https://kk.wikipedia.org/>

Балл қою кестесі

Тыңдалым және айтылым

Балл	Коммуникативтік құзыреттілік	Грамматикалық құзыреттілік
9-10	Дәйексөзді негізге ала отырып, өз болжамын білдіреді. Болжамының себебін дәлелді түрде өте жақсы жеткізеді. Жұбының жасаған болжамына келісу не келіспеу пікірін білдіреді, себебін дәлелді түсіндіреді.	Ойын аяқталған, толық сөйлемдермен жеткізеді. Ой мен ойды байланыстыруда грамматикалық дағдыны өте жақсы қолданады. Сөздік қоры мол. Паразит сөздер мен қайталаулары жоқ. Жеке пікірін білдіруде қыстырма сөздер мен оқшау сөздерді өте орынды, тиімді пайдаланады.
7-8	Өз болжамын жеткілікті білдіреді. Болжамының себебін дәйексөзбен байланыстырады, дәлелдері жеткілікті. Жұбының жасаған болжамына келісу не келіспеу пікірін білдіреді, себебін жақсы түсіндіреді.	Ойын аяқталған, толық сөйлемдермен жеткізеді. Ой мен ойды байланыстыруда грамматикалық дағдыны жақсы қолданады. Сөздік қоры жеткілікті. Паразит сөздер мен қайталаулар аздап кездеседі. Жеке пікірін білдіруде қыстырма сөздер мен оқшау сөздерді орынды пайдаланады.
5-6	Өз болжамын қанағаттанарлық деңгейде білдіреді, дәйексөздің мазмұнынан аздап ауытқу байқалады. Болжамының барлығы дәйексөзбен байланыса бермейді, дәлелдері жеткіліксіз, толықтыруды қажет етеді. Жұбының жасаған болжамына келісу не келіспеу пікірін білдіреді, себебін түсіндіруі қанағаттанарлық.	Ойын кейде аяқталған, аракідік синтаксистік құрылымы сақталмаған сөйлемдермен жеткізеді. Ой мен ойды байланыстыруда грамматикалық қателері кездеседі. Сөздік қоры қанағаттанарлық. Паразит сөздер мен қайталаулары кездеседі. Жеке пікірін білдіруде қыстырма сөздер мен оқшау сөздерді орынды, орынсыз пайдаланады.
3-4	Болжамы көп жағдайда жалпы, кебір ойлары жуық, алайда дәйексөзді назарға ала бермейді. Дәлелдер келтіруге тырысады,	Ойын көп жағдайда аяқтамайды, жай сөйлемдерді, қарапайым синтаксистік құрылымдарды қолданады. Ой мен ойды байланыстыруда

	бірақ негізсіз. Жұбының болжамына сипаттама түрінде пікір білдіреді, себебін түсіндірмейді.	грамматикалық қателері жиі кездеседі. Сөздік қоры күнделікті ауызекі лексикадан тұрады. Паразит сөздер мен қайталаулары жиі кездеседі. Жеке пікірін білдіруде қыстырма сөздер мен оқшау сөздерді орынсыз пайдалануы жиі кездеседі.
1-2	Болжамдары суреттермен сәйкесе бермейді, көбінесе суреттердегі детальдарды атаумен шектеледі. Жұбының болжамына сипаттама түрінде пікір білдіреді, дәлелдері жоқ.	Ойын аяқтамайды, қарапайым синтаксистік құрылымдармен шектеледі. Грамматикалық дағдылары жетіспегендіктен, ой мен ойы байланыспайды, жүйе жоқ. Паразит сөздер мен қайталаулары негізгі лексикадан басым.

Оқылым

Балл	Сипаттамасы
9-10	Мәтінде көтерілген мәселені, жанрлық, құрылымдық, ерекшеліктерін, ресімделуін өте жақсы түсініп талдайды.
7-8	Мәтінде көтерілген мәселені, жанрлық, құрылымдық, ерекшеліктерін, ресімделуін жақсы түсініп талдайды.
5-6	Мәтінде көтерілген мәселені, жанрлық, құрылымдық, ерекшеліктерін, ресімделуін қанағаттанарлық деңгейде түсініп талдайды.
3-4	Мәтінде көтерілген мәселені, жанрлық, құрылымдық, ерекшеліктерін, ресімделуін шектеулі түсінеді, талдауға талпыныс жасайды.
1-2	Мәтінде көтерілген мәселені, жанрлық, құрылымдық, ерекшеліктерін, ресімделуін өте шектеулі деңгейде түсінеді.
0	Мәтінде көтерілген мәселені, жанрлық, құрылымдық, ерекшеліктерін, ресімделуін түсінбейді.

Жазылым

Балл	Сипаттамасы
9-10	Мәтіннің тақырыбы мен негізгі мазмұнын, көтерген басты мәселесін, автордың позициясын дәл анықтап, өте жақсы сипаттайды. Мақсатты аудиторияның қызығушылығын тудыру үшін мәтіннің жаңашылдығы мен ерекшелігін көрсетеді. Аннотацияға тән тілдік клишелерді <i>(мақалада ... қарастырылады, мақала ... арналған, мақалада ... көрсетіледі, мақаланың негізінде ... жатыр, автор ... мәселелерге тоқталады, автор</i>

	... мәселелерін қозғайды, автордың/мақаланың мақсаты..., с.с.) орынды қолданады. Ойын логикалық тұрғыдан жүйелі жеткізеді. Сөздік қоры мол. Жанрдың құрылымдық, стильдік ерекшеліктерін бастан-аяқ сақтайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан өте сауатты. Қателері жоқ.
7-8	Мәтіннің тақырыбы мен негізгі мазмұнын, көтерген басты мәселесін, автордың позициясын анықтап, сипаттайды. Мақсатты аудиторияның қызығушылығын тудыру үшін мәтіннің жаңашылдығы мен ерекшелігін көрсетеді. Аннотацияға тән тілдік клишелерді (мақалада ... қарастырылады, мақала ... арналған, мақалада ... көрсетіледі, мақаланың негізінде ... жатыр, автор ... мәселелерге тоқталады, автор ... мәселелерін қозғайды, автордың/мақаланың мақсаты..., с.с.) орынды қолданауға тырысатыны байқалады. Ойын жүйелі жеткізеді. Сөздік қоры жеткілікті. Жанрдың құрылымдық, стильдік ерекшеліктерін сақтайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан сауатты, бірақ 1-2 ұсақ қате кездеседі.
5-6	Мәтіннің тақырыбы мен негізгі мазмұнын, көтерген басты мәселесін сипаттауы қанағаттанарлық. Аннотацияға тән тілдік клишелерді (мақалада ... қарастырылады, мақала ... арналған, мақалада ... көрсетіледі, мақаланың негізінде ... жатыр, автор ... мәселелерге тоқталады, автор ... мәселелерін қозғайды, автордың/мақаланың мақсаты..., с.с.) сирек болғанымен, орынды қолданады. Ой жүйесі арақидік байланыспайды. Сөздік қоры қанағаттанарлық деңгейде. Жанрдың құрылымдық ерекшеліктерін сақтайды, бірақ стильден ауытқу бар. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан 2-3 ұсақ және ірі қателер кездеседі.
3-4	Мәтіннің тақырыбы мен негізгі мазмұнын, көтерген басты мәселесін сипаттауы шектеулі. Аннотацияға тән тілдік клишелерді (мақалада ... қарастырылады, мақала ... арналған, мақалада ... көрсетіледі, мақаланың негізінде ... жатыр, автор ... мәселелерге тоқталады, автор ... мәселелерін қозғайды, автордың/мақаланың мақсаты..., с.с.) сирек қолданады, орынсыздық байқалады. Ой жүйесі байланыспайды. Сөздік қоры шектеулі. Жанрдың құрылымдық ерекшеліктері сақталмайды, стильдік бірізділік жоқ. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан 4-5 ұсақ және ірі қателер кездеседі.

1-2	Мәтіннің тақырыбы мен негізгі мазмұнын, көтерген басты мәселесіне сипаттама берілмейді. Аннотацияға тән тілдік клишелерді (<i>мақалада ... қарастырылады, мақала ... арналған, мақалада ... көрсетіледі, мақаланың негізінде ... жатыр, автор ... мәселелерге тоқталады, автор ... мәселелерін қозғайды, автордың/мақаланың мақсаты..., с.с.</i>) қолданбайды. Ой жүйесі жоқ. Жанрдың құрылымдық, стильдік ерекшеліктері туралы түсінігінің аздығы немесе мүлде жоқтығы анық байқалады. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан алтыдан көп ұсақ және ірі қателер кездеседі.
-----	---

8-сынып Қазақ әдебиеті БЖБ №1
«Дананың сөзі – ақылдың көзі» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Оқылатын шығарма:	Қорқыттың нақыл сөздері
Оқу мақсаты:	8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану; 8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау.
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> ✓ Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдейді; ✓ креативті жазба жұмысын орындайды.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
Орындау уақыты:	15-20 минут

1-тапсырма.

Қорқыт атаның нақыл сөздерін өңдеп жазыңыз.

Нақыл сөздері	Оқушының өңдеуі
1. Анадан өнеге көрмеген қызжаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды. 2. Ананың көңілі балада болар. 3. Ұлдың күні күн емес – атадан мал қалмаса, Ата малы пұл емес – баста ақыл болмаса	
Ұқсастықтары	

2-тапсырма.

«Кейіпкерге хат»

1-қадам: Қорқыт ата нақылдарын оқиды.

2 -қадам: Кейіпкерін анықтайды.

Кейіпкерлер: Қорқыт, жастар, ата-ана, бала.

3-қадам: Оқушылар кейіпкерге хат жазу барысында бірнеше жуан, жоғары дәрежелі сұрақ қоюы керек.

Егер ... , не болар еді? Неге...? Неліктен ...?

4-қадам: Осы сұрақтарға өзі мүмкіндігінше балама жауап ұсынуы қажет. Мүмкін,... ... болған шығар?

5-қадам: Хат соңында кейіпкерге ұсыныс жазылады.

Қорқыттың нақыл сөздері

«Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас.

Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамас.

Ананың көңілі балада болар, жақсы ана үшін бала – екі көздің сыңары. ұлың өсіп жетілсе, ол отбасының мерейі, бас-көзі.

Атадан қалған малы болмаса, баланың күні қараң. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдейді.	1	Қорқыт нақыл сөздерін қайта өңдеп жазады;	1
		Шығармашылық танытады;	1
		Өз нұсқасын ұсынады.	1
Креативті жазба жұмысын орындайды.	2	Қорқыт нақылдарын шолып оқиды;	1
		Кейіпкерін нақтылайды;	1
		Жоғары деңгейлі бірнеше сұрақ қояды;	1

		Өз сұрақтарына балама жауаптар ұсынады;	1
		Ұсыныс жасайды.	1
Барлығы			8

8-сынып БЖБ №2 Қазақ әдебиеті
1-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар
Бөлім «Дананың сөзі – ақылдың көзі»

Оқылатын шығарма: Ақтамберді Сарыұлы «Күлдір-күлдір кісінетіп»

Оқу мақсаты: 8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.

8.2.3.1 Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау.

Бағалау критерийі: Білім алушы
✓ Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдейді; креативті жазба жұмысын орындайды.Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдайды;
✓ Автор стилін анықтайды.
Жоғары деңгей дағдылары

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Орындау уақыты 15-20 минут

1-тапсырма Берілген жолдардағы психологиялық параллелизм қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтаңыз.

Өлең шумақтары	талдау	стилі
Қоңыраулы найза қолға алып, Қоңыр салқын төске алып, Қол төңкерер ме екеміз?!		
Ел жазылып жайлауда, Жақсылар кеңес құрғанда, Мұртымыз өрге шаншылып,		

Бұрын да сөйлер ме екеміз?!		
Жарлауға біткен жапырақ – Жамылсақ, тоңар ма екеміз?!		
Жазыққа біткен бүлдірген – Сұғынсақ, тояр ма екеміз		

2-тапсырма

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Шығармадағы көркемдегіш құралдардың <u>психологиялық параллелизм</u> қолданысын талдайды	1	Көркемдегіш құралдарды анықтайды;	3
		Көркемдегіш құралдардың қолданысын талдайды;	3
		Автор стилін анықтайды.	2
Барлығы			8

ТЖБ 8-сынып «Қазақ әдебиеті» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1-БӨЛІМ

1. «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр» төмендегі жырлардың қайсысымен мазмұндас екенін белгілеңіз.

- А) «Манас» жыры
- В) «Ер Тарғын» жыры
- С) «Алпамыс батыр» жыры
- Д) «Қобыланды батыр» жыры [1]

2. Ахмет Йассауидың «Даналық кітабындағы» тарихаттың мәнін анықтаңыз.

- А) Мұсылмандық жолы
- В) Құдайға құлшылық ету
- С) Ғылым-білім
- Д) Сопылық ілімнің негізі [1]

3. А.Йассауи сақтандырған 5 нәрсенің бірі –

А) Тәкаппар болма

В) Мал табуға асықпа

С) Ұмытшақ болма

Д) Дүние-мүлікті сатпа [1]

4. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген нақылға Ақтамберді жыраудың «Балаларға өсиетіндегі» қай жолдары сәйкес келеді?

А) Талпынып салдым егінді,

Ішсін деп әркім тегінді.

В) Татулық болар береке,

Қылмасын жұрт келеке.

С) Әркім өзі талпынбақ, Басына бітер бағы үшін.

Д) Араз болсаң алты ауыз,

Еліңе кірген әреке. [1]

5. Шалкиіз ақын мықты батырларға ғана лайық сөзді қай жолдарда қолданды?

А) Жазылы, алтын, қол кескен

Алдаспаным өзіңсің!

В) Сен - алтынсың, мен - пұлмын,

Сен - жібексің, мен - жүнмін,

С) Жоғары қарап оқ атпа

Жуық түсер қасыңа

Д) Алп, алп басқан, алп басқан

Арабы торым өзіңсің. [1]

2-БӨЛІМ

6. А. Йассауидың «Даналық кітабындағы» мына жолдардың мағынасына талдау жасаңыз, қорытынды шығарыңыз.

Ахмет Йассауидің «Үлкен-кіші адамнан ибалық әдет кетті, қыз-бозбала жастардан әдеп кетті» деген сөзін талдаңыз. Сол арқылы ақынның өмірлік мақсат-мұратын ажыратыңыз 3-4 сөйлеммен жазыңыз

[5]

7. Шалкиіз жыраудың «Би Темірге бірінші толғауындағы» мына жолдарды қолдана отырып, автор туралы пікіріңізді білдіріңіз.

Сен - алтынсың, мен - пұлмын,
Сен - жібексің, мен - жүнмін,
Сен - сұлтансың, мен - құлмын,
Сен - сұңқарсың, мен - қумын,
Жемсауыңа келгенде,

Сұлтан ием, сом жүрегім аяман!
Саған дұспан - маған жау,
Керекті күні алдында
Ғазизленген сұлтан жаным аяман!!

[5]

8. Берілген жолдардағы психологиялық параллелизм, перифраз, риторикалық сұрақтардың қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтаңыз.

Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екеміз?!
* * *

Ел жазылып жайлауда,
Жақсылар кеңес құрғанда,
Мұртымыз өрге шаншылып,
Бұрын да сөйлер ме екеміз?!
* * *

Жарлауға біткен жапырақ
- Жамылсақ, тоңар ма екеміз?!
Жазыққа біткен бүлдірген –
Сұғынсақ, тояр ма екеміз!

[5]

9. «Қорқыт ата нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні неде?» тақырыбында Қорқыт нақылдарының көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазыңыз.

[10]

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпараттар
1	C	1	5
2	B	1	
3	A	1	
4	D	1	
5	B	1	
6	Үзіндінің мағынасын түсінеді;	2	15
	Өз ойымен байланыстырып талдайды;	2	
	Өзіндік тұжырым жасайды;	1	
7	Автор бейнесін анықтап, талдайды;	2	
	Кейіпкермен қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдайды;	2	
	Өз пікірін білдіреді;	1	

8	Жырда қолданылған көркемдегіш құралдарды ажыратады	2	
	Көркемдегіш құралдардың қолданысын талдайды;	2	
	Автор стилін анықтайды.	1	
9	Шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдайды;	2	10
	Әдеби эссе жазады;	2	
	Өзіндік көзқарасын, ой-пікірін танытады;	2	
	Логикалық қорытынды жасайды;	2	
	Эссе құрылымын сақтайды.	2	

8-сынып Қазақ тілі мен әдебиеті Т2 (оқыту тілі қазақ тілінде емес) БЖБ №1

Оқу мақсаты

8.1.5.1 Тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау;
8.2.1.1 Тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау.

Бағалау критерийі

Білім алушы
Негізгі ойды тірек сөздер мен автор көзқарасы негізінде анықтайды;
Ауызша мәтін құрауда тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты Тапсырма

15-20 минут

1-тапсырма. Аудиомәтінді екі рет тыңдап, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Туранов көзін тарс жұмып сұлық жатыр. Оның қалың ой арпалысында жатқанын сезу онша қиын емес-ті. Ол ақырын жыбырлап көзін ашты да, кеудесін көтеріп отырды.

«Байқоңырдың» барлық экипажы мұны қаумалап тұр. Туранов алпамса денелі кең маңдай командир Оразовты, әншейінде талшыбығым деп әзілдейтін кеме дәрігері Мәриям Темірболатованы, конструктор-механик байсалды мінез Осиповты көз жүгірте шолып өтті. Бәрінің де жанарында бұлыңғыр үміт ізі. «Байқоңыр» болса космос әлемінің бір белгісіз түкпіріндегі әлдеқандай жұмбақ сырлы сарғыш планетаның тұтқыны.

Экипаж мүшелері түгел дерлік шаршап-шалдыққан. Ойда жоқта кез болып, басқа түскен сергелдең бұларды бір мезгіл асып-састырып абыржытса, енді бірде көңілдеріне қаяу түсіріп жабырқатқандай. Әркім өз ойымен әуре. Командирдің аты командир ғой. Қалай бұйрық берсе, басқасы солай жүрмек. Не дер екен қазір мына ғалым?

1. Мәтіндегі басты тірек сөздерді тап.

A) дәрігер, көңіл, командир

B) жұмбақ, талшыбық, ғалым

C) мінез, космос, бұйрық

D) экипаж, планета, абыржу

2. Мәтінге сай ақпаратты таңда.

A) «Байқоңыр» жұмбақ сырлы планетаны тұтқынға алды.

B) Оразов көзін тарс жұмып сұлық жатыр.

C) Оразов алпамса денелі кең маңдай командир.

D) Экипаж мүшелері түгел дерлік демалып алған.

3. Автор көзқарасы берілген сөйлемді белгіле.

A) Бәрінің де жанарында бұлыңғыр үміт ізі.

B) Қалай бұйрық берсе, басқасы солай жүрмек.

C) Туранов көзін тарс жұмып сұлық жатыр.

D) Экипаж мүшелері түгел дерлік шаршап-шалдыққан.

2-тапсырма. Мәтінде берілген негізгі ойды өз сөзіңмен жаз.

3-тапсырма. Берілген тұрақты тіркестерді қолданып, құлтемірдің қоғамға тигізер пайдасы туралы ойыңызды білдіріңіз.

Тұрақты тіркестер: үш ұйықтаса түсіне кірмеген, көз майын тауысу, кәдеге асу, көздің жауын алатын, қас пен көздің арасында.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Негізгі ойды тірек сөздер мен автор көзқарасы негізінде анықтайды	1-2	мәтіннен 3 тірек сөзді табады;	2
		Мәтінге сай ақпаратты анықтайды	2
		автор көзқарасы берілген сөйлемді белгілейді;	3
		Мәтіннің негізгі ойын өз сөзімен жазады	4
Ауызша мәтін құрауда тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданады	2	тұрақты тіркестердің мағынасын ажыратады;	2
		тұрақты тіркестерді қолданады;	1
		өнертабыстың пайдасы туралы айтады.	1
Барлығы			15

8-сынып Қазақ тілі мен әдебиеті Т2 (оқыту тілі қазақ тілінде емес) БЖБ №2

«Білім. Ғылым. Инновация» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға

арналған тапсырмалар

Оқу мақсаттары 8.1.5.1. Тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау;

8.2.1.1 Тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау.

Бағалау критерийі Білім алушы:

Негізгі ойды тірек сөздер мен автор көзқарасы негізінде анықтайды;

Ауызша мәтін құрауда тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Тапсырмалар

1. Аудиомәтінді екі рет тыңдап, тірек сөздерді жазып алыңыз. Жазылған тірек сөздер арқылы негізгі ойды анықтаңыз.

Бүгінде бүкіл дүниежүзілік мұраны іс жүзінде арнайы орын бөлмей-ақ, үйге немесе кеңсеге сыйдыруға болады. Электронды кітапханаға ғаламторға қосылған кез келген компьютер мен мобильді құрылғы арқылы қол жеткізе аласыз. Қажетті кітапты табу қиындық туғызбайды. Электронды кітапхананың міндетті элементтерінің бірі болып электронды каталог саналады, ол кітапты қосу не жою шараларына байланысты автоматты түрде толықтырылады және жаңартылады. Сонымен қатар, электронды кітап қоймасында іздеу жүйесі қарастырылған, мұнда кітапты атауымен, авторымен, шығу мерзімі және басқа деректерге байланысты тауып алуға болады. Электронды кітапханалардың бірнеше түрін ұсынғым келеді. <http://www.bibliorossica.com> – заманауи зерттеушілер, оқытушылар мен студенттерге арналған электронды-кітапханалық жүйе. Мұнда маңызды ғылымдар бойынша және оқу әдебиеттер топтамалары жинақталған. <http://www.klassika.ru/> – классикалық поэзия мен прозаға арналған кітапхана. <http://book-online.com.ua/> – электронды кітапхана. Үлкен әртүрлі кітаптар таңдау мүмкіндігі. Көркем әдебиет, оқулықтар, іскерлік әдебиеттер, анықтамалықтар. Тегін, әрі тіркеусіз. Электронды кітапханалардың барлығының мақсаты, халыққа қызмет көрсету болып табылады. Электронды кітапхана мен үшін де қолайлы. Мен өзіме ұнайтын шығармаларды, кітаптарды осы электронды кітапхана арқылы жүктеп алып, оқып отырамын.

Тірек сөздер	Негізгі ой
1.	
2.	
3.	

[4]

2. Электронды кітапхана жайында автор көзқарасы берілген қатарды табыңыз.
- A. Көркем, іскерлік әдебиеттер, оқулықтар, анықтамалықтар.
 - B. Мен кітаптарды электронды кітапханадан оқимын.
 - C. Мұнда маңызды ғылымдар топтамалары жинақталған.
 - D. Үлкен әртүрлі кітаптар таңдау мүмкіндігі.
 - E. Электронды кітапханалар халыққа қызмет көрсетеді.

[1]

3.Берілген тұрақты тіркестерді қолданып, ғылымның қазіргі жетістіктерінің адам өміріне пайдасы мен зияны туралы ойыңызды нақты білдіріңіз.

Тұрақты тіркестер: *көре алмау, қол ұшын беру, кәдеге асу, көздің жауын алатын, көзді ашып жұмғаниша.*

[4]

Балл қою кестесі

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескрипторлар	Балл
Негізгі ойды тірек сөздер мен автор көзқарасы негізінде анықтайды	1-2	Тыңдалған мәтіннен 3 тірек сөзді жазып алады.	1
			1
			1
		Тірек сөздер арқылы негізгі ойды анықтайды.	1
		автор көзқарасы берілген қатарды табады.	2
Ауызша мәтін құрауда тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолдану	3	тұрақты тіркестердің мағынасын ажыратады;	2
		тұрақты тіркестерді қолданады;	2
		ғылымның қазіргі жетістіктерінің пайдасы туралы айтады.	2
		ғылымның қазіргі жетістіктерінің зияны туралы айтады.	2
Барлығы			15

ТЖБ 8-сынып Қазақ тілі мен әдебиеті Т2 (оқыту тілі қазақ тілінде емес)

Бөлім «Сауда жасай білесің бе?», «Жаһандық энергетикалық дағдарыс» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары 1-нұсқа

Оқу мақсаттары	8.3.3.1 Прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру; 8.4.4.1 Тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану.
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Мәтінде көтерілген мәселені анықтайды; Шығармаларды салыстырады; Жеке көзқарасын білдіреді; Тақырыпқа қатысты эссе жазу жұмысында өз көзқарасын ұсынып, дәлелді аргументтер келтіреді.
Ойлау дағдыларының деңгейі	
Орындау уақыты	Қолдану 15-20 минут

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Француз жұртының бір білімді адамы жазады:

— 1791 жылда, өзім университет деген үлкен школда оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда бір Антон деген тіленші отырып, қайыр сұрап алып жүруші еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір болған соң, бірге келе жатқанымызда, әдетше манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да айтты:

— Сен қарауға еп-есті кісі секілді көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді, сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік қылғаным жоқ; елден, қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі боқтық, салам арасынан, не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап жыйып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабриктерге сатып, соныменен азды-көпті ақша болған соң бір есек, бір арба алдым, мұнан соң әуелі аздап, бара-бара кебірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық, жинақты және еріншектікті білмегеннен соң, осы күнде екі әйдік тас жұртым бар, фабрикамды балама бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қалмас деген. Себебі: баламды

да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың Антон, — деді де, жөніне жүріп кетті. Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып тұрып қалды.

1815 жылда Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчиктерге олай-бұлай етіңіз деп, бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме таныс реуішті көрінді. Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да, қасыма келіп айтты:


— Айып етпесеңіз сұраймын, мұнан жиырма бес жыл бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдегі үйіңізге барып жүрген жеріңіз бар ма еді?

Сонда ойыма түсіп, таң қалып:

— Сен Антонбысын? — дедім.

— Рас, — деді Антон, — мен сондағы көрген тіленші Антоныңыздың өзімін. Сол жүргеніңіздегі бір күн қасыңызда бірге жолыққан кісінің айтқандары көңіліме кіріп кетіп, тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім, ісіме нық, малыма күтімді болдым; ақырында, сол кісінің айтқаны келіп, мінекей, осы зор дүкеннің иесі болдым, — деді.

Өңгіменің композициялық құрылымына талдау жасаңыз.



2-тапсырма. Мәтіндегі кейіпкердің іс-әрекетіне баға беріңіз.

Кейіпкер	Іс-әрекеті	Бағалап, пікір білдіріңіз
Антон		

3-тапсырма. «Қазақстанның баламалы энергия көздерін өндіруге әлеуеті мол» тұжырымымен келісу/келіспеу себептеріне дәлел келтіре отырып, өз ойларыңызды білдіріп, эссе жазыңыздар. (2 аргументтің болуы шарт).

Балл қою кестесі

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Шығармалардың композициялық құрылымын ажыратады. Кейіпкерлерге, олардың іс-әрекетіне баға береді	1	мәтіннің сюжетін сөз тіркесімен жазады:	
		басталуы	2
		байланыс	2
		шиеленісуі	2
		шарықтау шегі	1
		шешімі	1
Кейіпкердің іс-әрекетін сипаттайды	1		
	Кейіпкердің әрекетіне баға береді	2	
Тақырыпқа қатысты эссе жазу жұмысында өз көзқарасын ұсынып, дәлелді аргументтер келтіреді	2	<u>мәтіннен дәлелдер келтіреді:</u>	<u>2</u>
		1- аргумент	2
		2- аргумент	2
		өз ойын саудамен байланыстырып жазады.	2
Барлығы			20